

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ  
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫН  
РАМАЗАН АЙЫНЫҢ  
БАСТАЛУЫМЕН  
ҚҰТТЫҚТАДЫ **2-бет**



ДАРА ДАРЫНДЫ,  
ҒЫЛЫМДАҒЫ ІСІ  
ТӘЛІМДІ **6-бет**



ТАҒЫЛЫМ мен  
ТАНЫМ ТОҒЫСҚАН  
ҚОС ТОМДЫҚ  
ЖАРЫҚ КӨРДІ **14-бет**

# ҚАЗАҚ УНИ 25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni@mail.ru

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

7-8(1188-1189) 23.02.2026

Азат Перуашев, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты, «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы:

## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЖАҢА ДӘУІРГЕ БЕТ БҰРҒАНЫН БІЛДІРЕДІ



### МАҒИРА мен МЕДИЦИНА

Қазақстанның құрметті жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Мағира Қожахметова туралы сөз.

**8-9**  
бет



**3**  
бет

Мырзан КЕНЖЕБАЙ:

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ҮШІН ҚАЗЫБЕКТЕН АРТЫҚ КІМ КҮРЕСТІ?!

Осы кешегі ескі билікті де, бүгінгі жаңа билікті де менің үнемі сынап жазып жүргенімді ел жақсы біледі. Сондықтан, қолымнан келгенінше, әділдікті жақтап келе жатырмын деп айта аламын.

Не десеңдер о дендер, бірақ Парламентте де, оған шейін де «Қазақстанда тек қазақ тілі ғана мемлекеттік тіл болуы керек!» деп, шыбын жаны шырқырап, шын күресіп жүрген жаңғыз Қазыбек Иса емес пе, қазағым-а-а-а-ау?!

**4**  
бет




## ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚОРҒАУШЫЛАРДЫ ҚАРАЛАУШЫЛАР КІМДЕР?

**5**  
бет

## О НЕОБХОДИМОСТИ ВОЗДВИЖЕНИЯ МЕМОРИАЛЬНОГО КОМПЛЕКСА Ч. ВАЛИХАНОВА В АЛМАТЫ

Алматы активно признается новым перспективным направлением международного туризма, попав в топ-25 направлений 2026 года по версии Bloomberg (4-е место) и топ-14 по версии Vogue, что подтверждает его уникальное сочетание городской культуры, гастрономии и близости к горам.



**10**  
бет

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫН РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Құрметті отандастар!

Сіздерді күллі мұсылман қауымы үшін қасиетті Рамазан айының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – дүние жүзіндегі миллиардтаған жанды рухани тазаруға, жақынына жанашыр әрі камкор болуға үндейтін мезгіл.

Ораза азаматтарды шыдамдылық пен төзімділікке шақырып, халқымыздың бойына қарапайымдылық, жауапкершілік және адалдық сынды асыл қасиеттерді сіңіреді.

Оразаның рухани құндылықтарын қазір әлемде болып жатқан күрделі ахуалды ескере отырып, кемел санамен қабылдау,

оның түпкі мағынасын дұрыс түсіну – үлкен имандылықтың белгісі.

Бүгінде Қазақстан ауқымды өзгерістердің, түбегейлі жаңғырудың тарихи кезеңіне қадам басты. Жаңа халықтық Конституцияның жобасы республикалық референдумға шығарылды. Бұл өрлеу және әділеттілік даңғылына түскен мемлекетіміздің даму бағытын айқындайтын Негізгі Заң болмақ.

Бас құжат мындаған жыл тарихы бар мемлекеттілігімізді одан әрі нығайтуға, еліміздегі саяси, азаматтық, экономикалық институттардың тиімділігін арттыруға және адам құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіріп, күшейтуге жол ашады.

Біз дәстүрлі рухани-мәдени құндылықтарымызды қастерлей отырып, Құқық пен Заң үстемдігі, Тәртіп пен Тазалық, Әділдік пен Отаншылдық сияқты мызғымас қағидаттарды терең түсінетін әрі мүлтіксіз сақтайтын ұлттың жаңа болмысын қалыптастырып жатырмыз. Мұның бәрі қасиетті Рамазан айының мәңгілік ұлағатымен толық үндеседі.

Білімге, тазалыққа және жақсылыққа бастайтын өркениетті қоғамда Рамазан айы жаңа рухани мәнге ие болып, барша жұртқа шапағатын тигізетіні сөзсіз.

Қасиетті Рамазан құтты болсын, мұсылман жамағаты!

## ЖАҢА ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАШАН КІРІСЕДІ?

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев алдағы референдумда халық жаңа Конституция жобасын қолдаса, бір палаталы Құрылтайдың депутаттары қашан сайланатынын айтты.

Осы орайда ол Сенат пен Мәжілістің өкілеттігі тоқтағаннан кейін екі ай ішінде сайлау өтуі тиіс екенін еске салды.

– Осы іс-шаралар 1 қыркүйекке дейін атқарылады. Ал 1 қыркүйектен бастап жаңа Парламент – Құрылтай өз жұмысына кіріседі. Егер Қазақстан халқы жаңа Конституция жобасын қолдайтын болса, өтпелі кезең ережелеріне сәйкес, біз осы құраммен 1 шілдеге дейін жұмыс істейміз. Содан кейін жаңа Парламент 1 қыркүйекте жұмысын бастайды, – деді Мәулен Әшімбаев Сенатта тілшілер сұрағына жауап бере отырып.

Атап айтқанда, Мемлекет басшысы 2026 жылғы 15 наурыз-

да республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды.

Жалпыхалықтық референдумға шығарылған жаңа Конституция жобасы қабылданған жағдайда, Ата заңның нақты қашан күшіне енетіні анық жазылған.

Нақтырақ айтқанда, республикалық басылымдарды жарияланған жаңа Конституция жобасының 95-бабында 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қалыптастырылған Қазақстан Республикасының Парламенті өз өкілеттігін 2026 жылғы 1 шілдеден бастап тоқтататын жазылған.

Ал Конституция күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай сайлауын жариялайды және ол екі ай ішінде өткізіледі.

## МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ КҮЗЕТ ҰЙЫМДАРЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Мектептерде қаруды алып кіруге байланысты жағдайға қатысты мәлімдеме Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Ғалым Сарғұлов жасады.

– Бұл мәселе бірінші кезекте Оқу-ағарту министрлігінің қарауында, яғни мектептерде қаруды және кесетін заттарды алып кіруге жол бермеу шараларын қамтамасыз ету – олардың құзыретінде. Біз өз тарапымыздан, Ішкі істер министрлігі ретінде, асырлықтың қалай жүзеге асырылуы тиіс екенін ұсындық, – деді спикер.

Ғалым Сарғұлов атап өткендей, мектептерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін күзеттік ұйымдармен жұмыс ұйымдастырылған. Қызметкерлер қалай әрекет ету керігін бірнеше рет нұсқаулықтармен түсіндірді, жиналыстар өткізілді. Алайда, бұл мәселеде шешуші рөл мектеп директорларына тиесілі. Олар



қандай күзет ұйымын жалдайтын, келісімшарттың шарттарын, нормалары және ережелерді өздері белгілейді.

– Осыған қарамастан, мектептердегі қылмыстық жағдайлар төмендеген. Егер, мысалы, 2001 жылы көмелетке толмағандардың қатысуымен 8 мыңнан астам қылмыс тіркелсе болса, өткен жылы бұл көрсеткіш 2 400-ге дейін төмендеді. Олардың ішінде мектеп ішінде тіркелген қылмыстар саны – бар-жоғы 34, – деді Ғалым Сарғұлов.

## ОТЫЗДАН АСА ЖҮРГІЗУШІ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК БАСҚАРУДАН ШЕТТЕТІЛДІ



Алматы қаласы Жетісу ауданының прокуратурасы бірқатар автобус парктерінде заң талаптарының өрескел бұзылғандығын анықтады.

Алматы прокуратурасының мәліметінше, «D» санатындағы жүргізуші куәлігі жоқ, көлік құралдарын жүргізу құқығынан айырылған, сондай-ақ медициналық қарсы көрсет-

кіштері бар адамдардың жолаушылар көлігін жүргізуіне жол берілген.

– Анықталған фактілер бойынша 15 автобус паркіне қатысты әкімшілік іс қозғалып, кінәлі тұлғалар заңда көзделген жауаптылыққа тартылды. Еңбек шарты бұзылған 34 жүргізуші, жолаушылар көлігін басқарудан шеттетілді. Тәртіптік және әкімшілік жауаптылыққа 4 лауазымды тұлға тартылды, – деп хабарлады құқық қорғау органы.

Сонымен қатар қалалық прокуратура наркологиялық және психиатриялық есепте тұрған адамдардың жүргізуші куәліктерін сот тәртібімен жарамсыз деп тану мәселесі пысықталып жатқанын мәлімдеді.

## АЛМАТЫ-1 ВОКЗАЛЫНЫҢ СЕЙСМИКАЛЫҚ ТӨЗІМДІЛІГІ КҮШЕЙТІЛУДЕ

Көлік министрлігі мен «Қазақстан темір жолы» ҰК өкілдері Алматы-1 вокзалының қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты. Жоба аясында ғимарат пен инфрақұрылым кешенді жаңартылып, инженерлік желілер, энергиямен бақылау, желдету, цифрлық бақылау және қауіпсіздік жүйелері енгізілуде.

Негізгі басымдық – сейсмикалық төзімділікті арттыру: тірек конструкциялары күшейтіліп, құрылыс нормаларына сәйкестендіріледі. Соны-

мен қатар өрт қауіпсіздігі және бейнебақылау жүйелері жаңартылуда.

Қайта жаңғырту нәтижесінде вокзалдың өткізу қабілеті артып, жолаушыларға қызмет көрсету сапасы жақсарды, толыққанды кедергісіз орта қалыптасады. Жаңартылған нысан ағымдағы жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі. Сондай-ақ мүгедектері бар жолаушыларға арналған жаңа сүйемелдеу қызметі іске қосылды.



## ҚЫЗЫЛШАҒА ШАЛДЫҚҚАНДАР ҚАТАРЫ КӨП

Алматыда биыл қызылшамен 482 адам ауырған, олардың 93,5%-ы 14 жасқа дейінгі бала. Ауру желтотқанда 142 жағдай тіркелген. Науқастардың 87,9%-ы екпе алмаған, көбісі 1 жасқа толмаған және 1–4 жас аралығындағы балалар.

Екпе алғандар арасында да 34 жағдай тіркелген, бірақ олардың 33-і толық вакцинациядан өтпеген. Ең көп науқас Алатау (197) және Наурызбай



(110) аудандарында тіркелген, сырқаттану көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 19,8.

Эпидемияға қарсы шаралар жүргізіліп, 4 154 байланыста болған адам бақылауға алынды. Балабақшалар мен мектептерде сүзгілік бақылау енгізіліп, кейбір сабақтар уақытша тоқтатылды.

Қосымша иммундау жалғасып, 18 жасқа дейінгі екпе алмаған балалар мен 6 айдан 10 ай 29 күнге дейінгі сәбилер қамтылуда. Биыл 4 200 бала мен жасөспірім вакцина алды, ал желтоқсаннан ақпанға дейін 1 720 сәби қосымша егілді. Жоспарлы вакцинация 1 және 6 жасқа жүргізіледі.

Азат Перуашев, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты, «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы:

## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЖАҢА ДӘУІРГЕ БЕТ БҰРҒАНЫН БІЛДІРЕДІ

Кеше Жаңа Конституцияны қолдау жөніндегі жалпыұлттық коалиция құрамында, коалиция төрағасы, Мәжіліс спикері – Ерлан Қошановтың басшылығымен Жамбыл облысында жұмыс істедік.

Алғашқы кездесу «Көне-Тараз» кешенінде өтті. Оған барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, қоғам қайраткерлері, өңірдің белгілі әрі беделді азаматтары қатысты.

Аталмыш жиында сөз сөйлеп, «Ақ жол» демократиялық партиясы өзінің қандай қағидаттары мен тәжірибесіне сүйене отырып, не себепті Жаңа Конституцияны қолдауды қажет деп санайтынын айтып, бірқатар себептерге байланысты уәждерімізді баяндадым. Атап айтқанда, Жаңа Конституциядағы көптеген жаңашыл новеллалар қоғамда бұрыннан талқыланып келе жатыр, мысалы, бірпалаталы парламентке көшу мәселесін біз ресми түрде 2017 жылдың өзінде-ақ көтерген болатынбыз. Сол кезде билік бұл бастаманы қолдамағанымен, біз өз ұстанымымыздан айнымадық.

Сонымен қатар, Конституциялық комиссия құрамындағы жұмыс барысында, өз сөздерімде бірнеше рет Конституцияның нарықтық экономиканы қалыптастыруға қатысты, соның ішінде меншік түрлері сияқты базалық мәселелер жөніндегі ережелерін заман талабына сай жанарту қажеттігін дәлелдеуіме тура келді. Конституциялық комиссия мүшелерінің қолдауымен Қазақстанда мемлекет БАРЛЫҚ меншік түрлерін танып, кепілдік беріп және ТЕҢ дәрежеде қорғауы тиіс деген ұсынысымыз Жаңа Конституция жобасына енгізілді. Бұл – біздің оны қолдауымыздың маңызды себептерінің бірі.

Тағы да көптеген себептерді атауға болар еді, алайда уақыттың шектеулі болуына байланысты Жаңа Конституция шын мәнінде Қазақстанның жаңа дәуірге қадам басып жатқанын білдіретінін, сыртқы сын-қатерлерді, жаңа технологиялық дәуірді ескерсек, ұлтымыздың алдында табысты болашақтың жолы ашылатынын атап өттім.

Одан кейін университет студенттерімен, химия саласындағы ірі кәсіпорындардың бірі – «Қазфосфат» компаниясының еңбек ұжымымен кездестік. Кәсіпорын қызметкерлерімен әңгімелесу барысында экономиканың дамуы тек табиғи ресурстардың болуына ғана емес, заманауи технологияларды қолдануға да байланысты екенін атап өттім.

Әлемде инновациялардың қарқынды өсуі байқалады, сарапшылардың айтуынша, жыл сайын мыңдаған жаңа өнім, тауар мен қызмет түрлері пайда болуда, ал,



мемлекеттік органдар оларды реттеу нормаларын әзірлеп үлгермейді.

Сонымен қатар, бір жаңа өнімге арналған реттеу шараларын әзірлеу үш жылдан бес жылға дейін уақыт кетуі мүмкін. Осы уақыт ішінде өнім едәуір жетілдіріледі, ал егер оны тәжірибеде енгізіп, сынақтан өткізуді бастамаса, технологиялық дамуда айтарлықтай артта қалу қаупі бар. Сондықтан Конституцияда жедел дамитын қалалар үшін ерекше режим беру туралы норма ұсынылған. Мәселе АХҚО – «Астана» халықаралық қаржы орталығы, сондай-ақ Alatau City жайында болып отыр. Болашақта жаңа технологияларды, инфрақұрылым мен сервистердің жаңа түрлерін реттеуде экстерриториалдық қағидат қолданылатын мұндай өзге де қалалардың пайда болуы мүмкін.

Осыған байланысты, әсіресе Alatau City жобасына үлкен үміт артамыз. Өз тәжірибесінде заманауи технологиялар мен жабдықтардың маңызын жақсы білетін «Қазфосфат» қызметкерлері Жаңа Конституциядағы мұндай тәсілдер елімізде ең озық әзірлемелерді жедел енгізуге және қолдануға өзекті алаң қалыптастыратынын түсінуі тиіс.

Сондай-ақ Жамбыл ауданындағы Аса ауылында өткен коалиция мүшелерінің «Қарызсыз қоғам» қоғамдық қозғалысымен кездесуіне қатыстым. Онда адамдар, әсіресе әйелдер, өз тәжірибелері арқылы адал емес қаржы құрылымдары мен алаяқтардың кесірінен қарыздық

тәуелділікке қалай түскендерін, түрлі қиындықтардан өтіп, осы бағдарлама аясында төлем қабілеттілігін қалпына келтіріп, өміріндегі тепе-теңдікті қайта орнатқандарын айтып берді.

Бұл бағдарламаның Amanat партиясы тарапынан әзірленіп, жүзеге асырылып жатқанын атап өту керек. Мәжілістегі әріптестерімізге азаматтардың осы санатымен жүргізіліп жатқан ауқымды әлеуметтік жұмыстары үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Жамбыл ауданының Айша бибі ауылында коалиция делегациясы медициналық бұйымдар шығаратын «Superrham» компаниясында болды.

Кәсіпорында әйелдер көптеп еңбек етеді, өндірістік көрсеткіштері жақсы, жаңа өнім түрлерін игеру жұмыстары жүргізілуде. Қызықты әңгіме өрбіген осы кездесулердің барлығында Жаңа Конституцияны қолдау жөніндегі уәждерін тек коалиция мүшелері айтып ғана қоймай, сонымен қатар біздің сұхбаттастарымыз – мейлі студенттер, мейлі кәсіпорын қызметкерлері болсын – бұл құжатты және ел дамуының жаңа дәуірін қолдайтындарын білдірді.

Кешкісін «Ақ жол» Демократиялық партиясы Жамбыл облысы филиалының төрағасы Мұханбеталы Шалқарбековпен бірге филиал кеңесімен ағымдағы мәселелер бойынша жиын өткіздік.

akzhol.kz

## ЗАҢ ДА, ЭКОНОМИКА ДА ҰЛТТЫҢ ГҮЛДЕНУІНЕ НЕГІЗДЕЛЕДІ

Азат Перуашевтің Жалпыұлттық коалиция аясындағы сөйлеген сөзі

Қадірлі әріптестер!

«Ақ жол» демократиялық партиясы әділетті әрі прогрессивті мемлекет құру жолындағы маңызды қадам ретінде конституциялық реформаларды қолдайды.

Жаңа Конституция мемлекеттік басқарудың саяси моделін өзгертіп ғана қоймай, сонымен қатар, маңызды экономикалық реформалар үшін құқықтық негіз қалыптастырады.

Инвестициялық тартымдылық, іскерлік ахуал мен кәсіпкерлердің өз мемлекетіне деген сенімі – бұл құжатта либералды экономика қағидаттары мен бизнес құқықтарының кепілдіктері қаншалықты берік қорғалатынына тікелей байланысты.

Кез келген Конституцияның басты экономикалық мәселесі меншік институтына қатысымен көрінеді.

Міне, осы жәйт Негізгі заңда қалай шешілсе, кәсіпкерлік еркіндіктің деңгейі және мемлекеттің экономикалық дамуы қамтамасыз етіп, халықтың әл-ауқатын лайықты арттыру қабілетінің дәрежесі солай айқындалады.

Бүгінде Ата заң меншіктің мемлекеттік және жеке түрлерін бекітіп отыр.

Алайда Қазақ елінің экономикасы Тәуелсіздік жылдарында халықаралық нарықтың бір бөлігі болғандықтан сонымен қатар дамып, мейлінше күрделі, әрі көпдеңгейлі салаға айналды.

Қазірдің өзінде меншіктің муницип-

палды, ұжымдық, кооперативтік, жариялы және аралас түрлері бар. Әйткенмен, осынау формалардың құқықтық тұрғыдан бекітілмеуі ауыл шаруашылығында, ірі инвестициялық жобалардағы мемлекеттік-жеке әріптестіктегі, жергілікті өзін-өзі басқару мен муниципалдык білім саласы деңгейіндегі кіші және орта бизнестегі кооперацияның дамуын тежейді.

Осынау барлық субъектілер бүгінгі өзінде қосымша күн мен жұмыс орындарын ашып, аймақтарды дамытып, ұлттың жасампаздық потенциалын жүзеге асырып жатыр. Тек бұлар елдің негізгі заңы тұрғысынан лайықты қолдауға көрсетіледі.

Халықаралық тәжірибе жүзеге келетіндей, либералдық экономика мен көпқұрылымды нарық негізгі конституциялық платформа болып табылатын реттеудің саналуандығымен бірге дамиды.

Көптеген елдерде меншіктің мемлекеттік және жеке түрлерімен қатар басқа да формалары бекітілген.

Бұл айқындықты күшейтіп, өзара әрекеттестік мүмкіндігін кеңейтеді және бизнестің мемлекетке деген сенімін нығайтады.

Сондықтан, «Ақ жол» демократиялық партиясы ұлттық бизнес, отандық өндірісшілер мен кәсіпкерлердің өкілі ретінде, меншіктің барлық түрлерін конституциялық тұрғыдан мойындау,



кепілдік беру және тең қорғау нормасын бекітуді ұсынамыз.

Егжей-тегжейлі реттеу ары қарай конституциялық заңдар мен тиісті кодекстерде айқындалуы мүмкін.

«Ақ жол» демократиялық партиясы ұлттық бизнестің, отандық өнеркәсіп иелерінің және кәсіпкерлердің мүддесі тұрғысынан барлық меншік түрлерін конституциялық тану, бұлардың тең қорғалуы мен кепілдігі жөніндегі норманың бекітілуін ұсынады.

Сондай-ақ назарды Президент Қ.Тоқаевтың Үкіметке экономикалық өсуді аяқтарту пайызы мен цифр көрсеткіштерді көтеруді мақсат тұтпай, отандастарымыздың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі табанды талабына аударуды қажет деп санаймыз.

Міне, Конституция реформасы көпшілік құқықтанушылар қазірдің өзінде «адамға бағытталған» деп атайтын дәл осы межеге негізделеді.

Сөйтіп, құқық та, елдің экономикасы да бір ғана мақсатқа – халыққа қызмет етуге, ұлттың нығайып, гүлденуіне бағындырылады.

Жаңа Конституцияны талқылай отырып, біз ескі дәуірдің олқылықтары шекарасынан өтіп, жаңа мүмкіндіктер толқынындағы даму жолына түсеміз.

Осылайша, экономикалық әртараптылықты конституциялық тұрғыдан бекіту, экономиканы ырқытандырудың маңызды факторы ретінде, аталған міндеттерді шешуде және Әділетті мемлекеттің берік экономикалық негізін қалыптастыруда елеулі рөл атқарады.

Баршамызға Ақ жол тілейміз, назарларыңызға рақмет.

РЕДАКЦИЯ ДАН:

Жаңа Конституцияны жақтайтын Коалиция жиынына Азат Тұрлыбекұлымен бірге «Ақ жол» Демократиялық партиясы атынан Мәжіліс депутаттары – Дания Еспаева, Ерлан Барлыбаев, Қазыбек Иса, Серік Ерубаев және Астана қаласы маслихатының депутаты Асқар Смағұлов қатысты.

ОЙ-ТОЛҒАМ

Мырзан КЕНЖЕБАЙ:

# ҚАЗАҚ ТІЛІ ҮШІН ҚАЗЫБЕКТЕН АРТЫҚ КІМ КҮРЕСТІ?!



Осы кешегі ескі билікті де, бүгінгі жаңа билікті де менің үнемі сынап жазып жүргенімді ел жақсы біледі. Сондықтан, қолымнан келгенінше, әділдікті жақтап келе жатырмын деп айта аламын.

Не десендер о дендер, бірақ Парламентте де, оған шейін де «Қазақстанда тек қазақ тілі ғана мемлекеттік тіл болуы керек!» деп, шыбын жана шырырап, шын күресіп жүрген жаңғыз Қазыбек Иса емес пе, қазағым-а-а-ау?!

Қазыбек Исаның Конституция комиссиясына жіберген «Атазаңдағы 7 баптың 2-тармағын алып тастауды» ұсынған ұсынысы өтпеді. Сонда да ол парламентте қасқайып тұрып, «Мемлекеттік тілді міндеттейтін заң керек!», Мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік тілді білуі міндетті болу керек!» деп, сөзінің қорытындысын: «Қорыта айтқанда, АТА ЗАҢДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗДІҢ МӘРТЕБЕСІ АЙҚЫН БОЛУЫ КЕРЕК!» – деп, бұрыннан айтып келе жатқан талабын тағы айтып тұр ғой! Иә, Конституцияда МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗДІҢ МӘРТЕБЕСІ АЙҚЫН ТІЛ БОЛУЫ КЕРЕК! - Тура осы сөзде тұруымыз керек бәріміз енді! Бұл сөз Конституциядан 9/2 бапты өзгерту талабын қолдау ғой! Екі сөз де бірдей мағына, формулировкасы бөлектеу болғанмен бір сөз, бір талап!

Ендеше, Қазыбек Иса Атазаңнан 9/2 бапты алу керек деп айтпады деп негізсіз кінә тағуды қалай түсінуге болады? Бұл баяғыда біздің ауылдағы колхоз бастығы «Ауладағы алдыңғы арбаға мін» десе, «неге 1-ші арба деп айтпайсың» деп, жанжал шығарған кесір шалдың кертарапалығымен бірдей тірлік қой?

Ойбай-ау, біз бүкіл жазушыларға, парламенттегі депутаттарға да дәл осы парламентте Қазыбек Иса айтқан сөзді, «Конституцияда МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗДІҢ МӘРТЕБЕСІ АЙҚЫН БОЛУЫ КЕРЕК!»-деген талапты айтқызы алмай отыр емесіз бе?

Кейбір сөзді бұрмалап, кінәлап жатқандарға айтарым, «маған тіл керек емес, мін керек, Қазыбекті қайтсем де сүріндіруім керек, сол үшін жала жабуым керек» деп шындығын айтсаңдаршы?!

Олардың біріншісін, кезінде Қазыбек Исаның Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау ұсынысына қарсы шығып, боғын пышақтаған орыстілді Қуат Ахметовтың Қазыбек Исаға «орыс тілін қолдады» деп жапқан жаласына басқа түгілі өзі де сенбейтіні анық... Шетелде отырып алып, бүкіл қазақтың тілге жанашыр ұлтшылдарын тізімдеп жамандап отырған Қуатты өткір тілді журналист Қажымұқан Ғабдолла бауырым әшкерелеп, сойып салыпты!

Белгілі журналист Сәуле Мешітбайқызы жала жауып жатқандардың аузын жапқан түйінді сөзін түйіп айтып, өнеге көрсетті. Рахмет!

Қазыбек Иса 2011 жылғы Конституцияның 7/2 бабын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды ұсынып, ҚР Президентіне жазылған әйгілі «138-дің хатын» жазып, осы қозғалысқа бастамашы бол-

ды. Қоғамда үлкен қозғалыс тудырған бұл Ашық хатты ұйымдастыру штабы «Мемлекеттік тіл» қоғамы төрағасы, мұзбарақ ақынымыз Мұхтар Шаханов басқаратын «Жалын» журналының редакциясы болды. Әдеттегідей билік қана емес, орыстілді оппозиция да бұл Қазақ тілінің мүддесін қорғаған Ашық хатқа ашық қарсы шықты. Баспасөзде Мұхтар Әблязовтың Мұхтар Шаханов бастаған тіл күрескерлеріне қарсы «Мұхтардың Мұхтарға хаты» атты ашық хаттарды жазылды. Ол қазақ тіліне ашық қарсы жазылған ашық хатқа ұмытпасам, 60-70-тей аты белгілі орыстілділер қол қойды. Оның 80 пайызы қазақтар еді. (Осы тізімді тауып, қайта жариялап қою керек екен, Қазыбек бауырыма құлаққағыс.)

Мұқанның өзі бастап шыққан Алматыдағы «Сарыарқа» кинотеатры артындағы алаңда өткен, 5 мыңға жуық тіл жанашырлары жиналған митингі болды. Осы митингіде жалынды сөз сөйлеп, жиналғандарды дүр сілкіндірген Қазыбек Исаның «Біздің орысқұл билігімізден айнымаған орысқұл оппозициямыз бар», «Президент кеңесшісі, мемлекеттік тілге миы жетпегінін Күзетшібаевты мен кеңесшілік түйтін Ертісшібекке алмас едім», «Тәуелсіздіктің 20 жылында Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауға әлі ерте дейтіндер қазақтың жауы!»,



«Егер Тіл мәселесін Ақорда шешпесе, біз алаңда шешеміз!»-деген сөздері канатты сөзге айналып, баспасөзде бас тақырыпқа айналып шығып жатты...

Бұл 138-дің хаты туралы сол кезде Мұқанның қасында бірге істеген, «Мемлекеттік тіл» қоғамының жауапты хатшысы болған тіл күрескері Нұржан Ошанбек бауырымыз «Қазыбек Иса – қазақ тілінің қорғаны» атты мақаласында өте жақсы жазыпты.

2020 жылы «Қазақ үні» ұлттық порталында Конституцияның 7/2 бабын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды талап етіп, ҚР Президентіне жазылған, 132 335 адам қол қойған Ашық хатты Қазыбек Исаның қалай ұйымдастырғанын, менің нағашым, әлемге әйгілі классик жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтың үйіне қазіргі Қазақстанның Халық жазушысы Смағұл Елубай екеуі қалай барып, бүкіл ұлт зиялыларын қалай ұйымдастырғанын мен жақсы білемін. Өмірі ешкім ұнамайтын, өз шығармаларының өзін түзетумен өткен Әбекең Қазыбек Иса жазып келген «Ата заңымызда Мемлекеттік тіліміз айқын көрінсін!» атты Ашық хатты бірден қатты ұнатты. Тізімдегі жазушылардың орнын ғана ауыстырып, өзінен кейін өзі өте жақсы көріп, аса жоғары бағалайтын жазушы інісі Дулат Исабековты қойды... «Асанәлі Әшімов, Камал Ормантаев неге жоқ?» Мен айтты дегін, қолдарын қойсың!» – деп Қазыбекті соларға жұмсады. Осы Қазыбек жазып, Әбекең өзі бастап қол жинауға қол ұшын созған, қолдаушылары

132 мыңнан асқан Ашық хат қоғамда зор серпіліс туғызды. «Тіл үшін митингі болса, ең алдында мен жүремін»-деген сөзін тоқсан бестегі жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов осы кезде айтқан.

Қазыбек Исаның 2022 жылы парламентте Конституциядан орыс тілін алып тастауды және Мемлекеттік тілді міндеттейтін заң қабылдауды көтеруі елімізді дүр сілкіндірді. Бұл талап – Кеңес одағы империясының 70 жылында, Тәуелсіздік алған 30 жылда, бәрі 100 жылда парламент тарихында тұңғыш рет жасалған депутаттық сауал еді!

Бұл 2022 жылғы Конституцияға өзгеріс енгізуге референдум өткізуде ұсыныс ретінде жаасалған депутаттық сауалды парламенттің 41 депутаты қолдады.

Бүкіл халық, қаны қазақтар, белгілі зиялылар фейсбукта «Мен конституциядан 7 баптың 2 тармағын алып тастауды талап етемін!»-деп челендж жасап қолдады. Еговтағы петицияда қолдаушылар саны 500 мыңнан, жарты миллионнан асып кетті! Халық арасында қоғамдық резонанс тудырды!

Шошып кеткен орысқұл шенеуніктер мен орыстілді БАҚ аяқтарынан тік тұрып, Қазыбек Исаға қарсы шабуылдады.

Мен Қазыбек Исаның бұл қазақ тілін қорғап, ұлт мүддесі үшін жасаған көзсіз ерлігін Мұхтар Шахановтың Мәскеудегі Кремльдегі Желтоқсан шындығын әйгілеуінен кейінгі қазақ үшін жасалған үлкен ерлік деп білемін.

2023 жылы 19 наурызда Петропавлда 19 сепаратист «Халықтық кеңес» ұйымын құрып, Қазақстан Тәуелсіздігін мойындамайтынын жариялады. Сол кезде 5 сәуір күні Қазыбек Иса парламентте дабыл қакты. «ҰЛТШЫЛДЫҚПЕН ЕМЕС – ҰЛТСЫЗДЫҚПЕН КҮРЕСЕТІН КЕЗ КЕЛДІ!» – деген депутаттық сауалында «СЕПАРАТИСТЕР ҮЙЛЕРІНДЕ, АЛ СЕПАРАТИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСКЕН МАРҒҰЛАН БОРАНБАЙ ТҮРМЕДЕ ЖАТЫР!?!»-деп мәлімдеді.

- ✓ Тәуелсіздік идеясына қарсы, сепаратизм уын себетін шет елдік телеарналар, сайттар тоқтатылуы тиіс!
- ✓ Шеттегі қалың қандас көшіне шектеу қойғандар жауап беретін кезі келді!
- ✓ Бір тілде ғана сөйлеген ел біртұтас болады!
- ✓ Атазаңына ата-бабасын аштықпен де, қастықпен де қырған отарлаушы елдің тілін жазып қою - қандай Тәуелсіздік?!

Сепаратизмге Алаш ұлттық идеясы жол бермейді! Ұлттық идеологиялық Концепция қабылдануы тиіс! – деп, сепаратистік топты қатаң жазаға тартуды талап етті.

Артында Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті төрағасы Е.Сағынбаевтың жауабы жарияланып, ол 19 сепаратист тиісті жазаларын алды.

Енді қазір мынау әлеуметтік желіде бір өзімшілдер бар, тек менің айтқаным дұрыс дейтін. Тіпті олардың ел үшін, тіл үшін тырнағын да қимылдатпай, жап-жас болып, сексеннен асып, ауырып жатқан ақиық ақынымыз Мұқтар Шахановтың өзіне «Неге біздің айтқанымызды айтпайсың, неге Тоқаевтың саясатын жақтайсың?»-деп зіркілдеп, ауыздарына келгенін айтып жатқандарын көргенде түңіліп кетесің?!

Қазақтың қайсар ақыны, ұлтшыл саясаткері Қазыбек Исаның ұлттық мүддені қорғаудағы әр күресі елге үлгі, сондықтан қай кезде де қолдай білуіміз керек!

Мырзан КЕНЖЕБАЙ,  
ақын, көсемсөзші



## ҚАЗЫБЕК ИСА – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ХАЛЫҚ ҚАЛАҒАН ҚОРҒАНЫ

Мен, 2011-2017 жылдары «Жалын журналы» редакциясы қызметкері әрі әйгілі ақын Мұхтар Шаханов басқаратын «Мемлекеттік тіл» қозғалысының жауапты хатшысы болып істедім.

Бүкіл ғұмырын, бар күшін Қазақ тілінің мүддесіне арнап келе жатқан – халық қалаулысы, ақын Қазыбек Исаға жала жапқысы келген ерікпен белдерге айтарым: босқа әуреленбей, өз жайларыңмен жүріндер! Ондаған жылдардағы тіл мүддесіне сіңірген еңбегін айтпай тұрып, тек өзім куә болған бүкілқазақтық қозғалыстың қайнаркөзі – «138-дің хаты» атты қозғалыстың өзі Қазыбек Исаның бастамасынан күш алған еді.

Иә, 2011 жылы Конституциядан орыс тілін алып тастауды талап еткен әйгілі 138-дің хатының авторы Қазыбек Иса екенін әйгілі әнші апайымыз Бибігүл Төлегенова сол Қазақ тілін қолдаған Ашық хатқа қойған қолынан айнып, баспасөз мәслихатын өткізгенде өзім оған қарсы сөйлегенде журналистерге мәлімдегенмін. Кейін бұл баспасөзде таралып кетті. Белгілі журналист Гүлжан Ерғалиеваның сол кезде шығып тұрған «Адам бол» журналы жазып жіберді. Ол әйгілі Ашық хатқа қол жинауда және митингі өткізуде әлемге әйгілі ақиық ақынымыз, «Мемлекеттік тілді қорғау» ұйымы төрағасы Мұхтар Шаханов ағамыздың абыройы үлкен рөл атқарды. Сол кезде Мұқанның орынбасары болған Қазыбек Иса көп еңбек сіңірді.

Мұқтар Шахановтың екімезгілді шараларының, «Мемлекеттік тілді қолдау» акцияларының алдыңғы қатарлы қолдаушылары болып Қазекен жүретін. Мұқан бастап, «Ел бірлігі» доктринасына қарсы шыққанда да Қазыбек Иса «Қазақ үні» газеті журналистерімен қоса қатты қайрат көрсетті. Саяси партия қатарына ұлттық қайраткерлік пен журналистік жаңдызды енуімен қазақтың нышанын парламентке сіңірген де осы – Қазыбек Иса. Қарымды қалам иелері арасынан, «ескі» және Жаңа Қазақстан құрылысы аралығында бойына біткен бар күш-жігерін ұлтына арнаған тұлғаға «жаттілді қолдаушы» санатында жала жабу есі бар ешкім сенбейтін, мүмкін емес бос әурешілік екені белгілі. Бұл бірлікті алға қойған ынтымақшылдықтың ісі емес, іріткі салушылардың құйтырқы қулығы.

Өзім болсам, өз ұстанымыммен ел арасында жүрген, еш бір саяси партияда жоқ – қарапайым азаматпын.

«Токсан ауыз сөздің, тобықтай түйіні»: Көзі тірі Мұқтар Шаханов ағамыз қандай болса, Қазыбек Иса да сондай қазақ тілінің қорғаны!

P.S.

Қазыбек Исадай «қолда бар ПАРЛАМЕНТТЕГІ алтынның» қадірін білейік, ағайындар!

Нұржан ОШАНБЕК,  
тіл жанашыры, қоғам белсендісі

# ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚОРҒАУШЫЛАРДЫ ҚАРАЛАУШЫЛАР КІМДЕР?

## ЖАЛАҚОРЛАРҒА ЖАУАП

**Кезінде Қазыбек Иса ұсынған «Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау» ұсынысына қарсы шыққан жалған «тіл жанашыры» Қуат Ахмет кім?**

2020 жылы Мәдениет министрлігі Тіл комитеті ашқан «Тіл қорғаны» чатында Қазыбек Исаның «Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керек!» – деген ұсынысына, яғни, Қазақ тіліне қарсы шыққан Қуат Ахметов: «Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдаудың қажеті жоқ!» деп жазды чатқа. Осы Мемлекеттік тілді білу міндетті болатын заң шығуына қарсы болғаны үшін Қуат Ахметов Қазекеннен қарсы сөз естіген сол кезде.

Қазыбек Иса: «Қуат Ахмет, сенін «Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдаудың

132 335 адам) Ашық хаттың екпінімен сол кездегі Мәдениет министрі Ақтоты Райымқұлованың кезінде министрлік Мемлекеттік тіл туралы заңның Тұжырымдамасы жобасын ҚР Премьер-Министрі А.Маминге өткізген еді. Үкімет жоспарға енгізіп, енді мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау ісі басталуға жақын қалғанда арнайы органның тапсырмасы бойынша «тіл жанашыры» Қуат Ахмет қазақша білмейтін қазақ министр, әкім, мемлекеттік қызметшілердің біреуіне де жоламай, жастары тіл үйренуден өтіп кеткенін біле тұра дүкендегі орыс кемпірлерге жетіп барып «Қазақ тілінде сөйле!» – деп, әкірендеп, шу шығарып, арандату жоспарын өте жақсы орында-



қажеті жоқ!»-деген мынау кертартпа сөзінді ешкім есітпесін. Әсіресе биліктегі шенеуніктер естісе, көктен іздегендері жерден табылып қуанып кетеді ғой. Әне, тіл жанашырының өзі «Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдаудың қажеті жоқ!» деп жазып жатыр» деп үкіметте жатқан мемлекеттік тіл заң жобасын тоқтатып тастайды ғой! Екінші айтпа мұндай қазақ тіліне қарсы сөзінді!» – деп қатты қайтарып тастады.

Бұған сол чатта отырған 100-ге жуық тіл жанашырлары куә болып, біз бәріміз Қазыбек Исаны қолдадық. Қуат әркімге тиісіп, орыс тілдерін араластырып сөйлеп, аудиолар сала бастағасын чат админі бірнеше рет ескерту жасап, бірақ Қуат тіл жанашырлары тобына іріткі салуды қоймағасын, оны админ чаттан шығарып тастады. Ал «Тіл қорғаны» чаты әлі жұмыс істеп тұр.

Арнайы органның тіл жанашырларының арасына әдейі қосқан арандатушысы Қуат Ахмет тапсырманы жақсы орындады. 2020 жылы Қазыбек Исаның ұйымдастыруымен «Қазақ үні» ұлттық порталында Конституцияның 7/2 бабын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды талап етіп, ҚР Президентіне жазылған, 123 мың адам қол қойған (қазір

бұл оқиғаға бірден Ресейден Кремль араласып, ақғыры үкіметте жоспарға енгізілгелі тұрған Мемлекеттік тіл туралы заң жобасы тоқтап қалды... Яғни, сексот Қуат Ахмет тапсырманы тастай етіп орындады.

Қуат «Арзан» сауда үйін де солай шу шығарып, сотқа берді. Сол кезде Қазыбек Иса бастаған тіл күрескерлері Қуатты қолдады. Қазекен қазақ тілінің мүддесі үшін Қуаттың Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауға қарсы шыққанын, содан екеуінің арасында шыққан дауды ұмытып, «Қуатқа қуат берейік» деп, «Қазақ үні» газетіне мақала жазып, жұртты сотқа қатысуға шақырды. Бірақ Қуат сотқа жеңіліп қалды. Неге дейсіздер ғой? Өйткені Қуатқа кураторлары берген тапсырма бойынша оған сотта жеңу мақсат болмаған. Сол кезде оның адвокаты болған қазіргі қазақ тілінің ең белсенді күрескері, Конституциядан 9/2 бапты алып тастауды ұйымдастырушы белгілі заңгер, адвокат Мейірман Шекеев бұл туралы былай дейді. «Ол кезде Қуат Ахметов қазақ тілі мүддесін қорғаған істе сотта арызды Ресей тілінде жазыпты. Өзі орысша сарнап тұр. Сот Қуатқа: «сен орысша жақсы білесің ғой, өзін орысша зуылдап тұрсың, арызды да орысша жазғаның, енді саған қандай

тілдік кедергі болуы мүмкін бұл жерде?»-деп, істі сауда орталығының пайдасына шеше салды. Мен Қуат Ахметке «қазақ тілі мүддесі үшін болып жатқан сотқа не үшін арызды орыс тіліне жаздың?» – деп ренжіп едім, ол төмен қарап, көзі жыпылықтап, күмілжіп, ештеңе дей алмады. Сол кезде-ақ бірден Қуат Ахметовтың бұл күмәнді арандатушылық тірліктерінен күдіктеніп қалғанмын. Содан оған одан әрі адвокат болудың бос әуре екенін бірден сезіп, бас тарттым» дейді заңгер, адвокат Мейірман Шекеев.

Қуат Ахмет отбасымен тек орысша сөйлеседі. Оған дәлел желіде тарап кеткен видеосы. Егер видеодан түрлерін көрмесен, сөйлесіп тұрған Қуат пен әйелін орыстар екен деп қаласын.

Кейін Қуат Ахметтің арандатулары анықтала бастағасын, одан әрі сексоттық құпия қызмет ашылып қалатын болғасын, арнайы орғандағы кураторларының «Сен қазір шетелге бара тұр, қаржыдан кемдік көрмейсің» деген нұсқауымен Украинаға кетті. Бармаймын деп айта алмайтын еді, өйткені ол кезде есепшотына қоматы қаржылар түсіп қойған еді...

Шетелге барғасын Қуаттың негізгі жұмысы Қазақстандағы тіл күрескерлерін, нағыз ұлтшылдарға жала жауып, жамандау

болды. Бір кезде өзіне заңдық та, қаржылай да көмек беріп жүретін адвокат, заңгер Абзал Құспанды жиі қаралап жаза бастады. Өзіне ақпараттық қолдау көрсеткен Қазыбек Исаға да жала жауып, көптеген тіл күрескерлерінен жамандамаған адам-лық қилмады. Тіл күрескері, павлодарлы қала Диас Құзайырды да қаралап жазды.

Қуат Ахметовтың шетелде жүрген біраз уақытынан кейін есепшотына арнайы органдардың ұйымдастыруымен түскен ақша біте бастағанда, Қазақстандағы кураторларына «Қаржыға қарқ қылам деген уәделерің қайда» деп ренжігені де, әлеуметтік желіде жазылған.

Осындай Қуат Ахметов сияқты «Аңқау елге арамда молда қарсылар жүргендер мәнінде тілге қарсылар қазір Қазыбек Исаның сөзін бұрмалап, «орыс тілін қолдады» деп жала жауып отыр?! Түкті түсінбейтін тобырлардың оған сеніп қалып жатқандары да бар. Яғни, Қуат Ахметовтың Қазыбек Исаның парламентте ешқандай орыс тілін қолдау туралы бір сөз де айтпағанын, қайта өзінің өмірлік ұстанымын тағы да білдіріп, «Конституцияда Мемлекеттік тіл мәртебесі айқын болуы керек!»-деген мәлімдемесін өте жақсы біле тұра, сол орыс тілін қолдау жағылы бір ауыз айтпағанына күйінніп кетіп, күйе жағуға кірісіп кетті. Қайсар ұлтшыл ақын Қазыбек Исаға бұл жала жабуынан Қуат Ахметовтың арнайы органдардың тапсырмасын орындап отырғаны айқын білініп қалды.

Қазыбек Иса орыс тілін қолдаған жоқ және ешуақытта қолдамайтынын да бүкіл ел жақсы біледі.

Бұл туралы белгілі журналист, қоғам қайраткері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Мешітбайқызы апайымыз өте күшті жазды.

«Қазыбек Иса парламентте қай кездегідей Қазақ тілін қолдады.

1.Қазыбек Исаның сөзінде «орыс тілін қолдаймын деген» бір ауыз сөз де жоқ қой! Сондықтан жала жабушылар дәлел ретінде ешқандай видео, үзінді сөз қоя алмай отыр. Видео, сөзінен үзінді сала алмайды да. Өйткені, салса, видеода Қазыбек Исаның парламентте айтқан «Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды тағы да қайталап айтамын!», «Мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік тілді білуі міндетті болу керек». «Ата заңымызда Мемлекеттік тіліміздің мәртебесі айқын болуы қажет!»-деген сөздерін ел көріп, жалақорлардың ол «орыс тілін қолдады» деген қып-қызыл өтіріктері әшкереленіп қалады.

Яғни, Ата заңда Мемлекеттік тіліміздің мәртебесі айқын болуы керек деп, 9/2 бапқа қарсы шығып тұр ғой?!

2).100-ге жуық бабы, 320-дай тармағы бар Конституцияда Қазыбек Исаның Конституция комиссиясына жіберген 9 баптың 2 тармағын алып тастау туралы ұсынысы өтпегенмен, (ол паракшасы мен «Қазақ үні» сайтында тұр), өз партиясы «Ақ жолдың» басқа көптеген маңызды ұсыныстары өткенін неге қолдамасын?

Ол 9 баптың 2 тармағын қолдап тұрған жоқ қой бұл жерде?

3).Сендер өздерің Қазыбек Иса ұйымдастырған «Қазақ үні» ұлттық порталындағы Конституцияның 7/2 бабын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды талап етіп, ҚР Президентіне жазылған, 132 335 адам қол қойған Ашық хатқа қол қойдыңдар ма? Жоқ, қойған жоқсындар! Яғни, саусақтарыңды да қимылдатқан жоқсындар! Тағы тіл туралы ақыл айтып отырсындар диванда жатып! Алдымен өздеріңнен бастандар!» – деп жазды үнемі шындық үшін шырылдап жүретін, сексенге келсе де сергек ойлы қайраткер апамыз Сәуле Мешітбайқызы.

Қуат Ахметов сияқты жалақорларға нағыз жауап осы болады.

**Қажымұқан ҒАБДОЛЛА,  
«Жұмадағы жүздесу» газетінің бас редакторы, «Қазақ Елі» Халықтық қозғалысының төрағасы**

**Ғылымдағы жолы тағылымды, ел жанды рухы жалынды, тумасынан дара дарынды, ісі мен өмірі тәлімді жандар болады. Осы ретте ҰҒА Академигі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, философия ғылымдарының докторы, профессор Әбдімәлік Нысанбаев туралы үзік сырдың тиегін ағытсам деймін.**

Біз даналыққа құштарлық деп анықтайтын адам-ақыл ойының, санасының сөз арқылы өмір сүруі деп ұғынатын адам мен әлемнің қатынасы жайында ғылым деп қабылдайтын философия сан түрлі бояулы әлем. Ал біздің тіліміздегі даналық түсінігі мәні жағынан философияға өте жақын. Қазақ тарихы, қазақтың шексіз даласы, даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып білудің, зерделеудің сипаттамаларына, даналық ойлар мен философиялық тұжырымдарға аса бай. Қазақ жеріндегі сол асыл ой, рухани інжу маржандарды жүйелі түрде жинақтап, философиялық ойлау мәдениетінің зерттелуіне халқымыздың даналық рухы мен биік болмысын тануда, ойшылдарымыздың дүниетанымын философиялық талдаудан өткізуде қазақ философиясының қара нары, қышбасшы философия атанған философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Әбдімәлік Нысанбаевтың қосқан үлесі шексіз еді.

Атап айтқанда, ол — «тарихты біз ақтарымыз керек, ұлы тұлғаларымызды көрсетуіміз керек» деген идеямен өмір сүрді, талапшыл еді, бірақ талапты өз орнымен әділ қойды, Институтта тұңғыш рет қазақ философиясы бөлімін ашты.

Философиясы жоқ халық болмайды, ал қазақ халқы — дарынды, философ халық. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін философтарға қазақ тарихы, қазақ философиясы туралы ойланып, ұмыт бола бастаған дала даналығын, тереңдік, көркемдік, суырып салма шешендік, тіпті сынмен сұхбаты бар дәстүрлі өзіміздің қазақи ойлау машығымызды зерттеу, қалпына келтіріу мақсаты тұрды. Әбекен қазақ руханиятының бастауларына тарихи-философиялық пайымдаулар жасау аса маңызы болғандықтан, қазақ философиясының тарихын зерттейтін арнаулы бөлімнің де ашылуына аса ыждақаттықпен кірісіп, күш салды.

Әбдімәлік Нысанбаев елімізге белгілі қоғамдағы ғылымдар, әсіресе, философия, саясаттану, мәдениеттану және дінтану саласының мықты кәсіби маманы болды. Өзінің туған жері Қызылорда қаласында жоғары білім алып, талантты шәкірт атанды. Облыстық Педагогикалық университетті математика мамандығын бойынша бітіріп, Сталиндік стипендия болды. Ғылым іздеген талапшыл жас Алматыға академик Қаныш Сәтбаев басқаратын Ұлттық Ғылым академиясына келді. Оны алдымен даму жағынан кенжелеп қалған ғылыми орта — Философия және құқық институтына жұмысқа орналатырады. Қабілетті жас маманның ғылымға деген құштарлығын кейін келе байқаған академик Қаныш Сәтбаев Мәскеуге аспирантураға оқуға жібереді. Мәскеудің оқуын тауысқан Әбекен кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, елге абыроймен оралады. Біраз жылдардан кейін көп күттірмей докторлық диссертациясын да қорғап, елімізге белгілі айбарлы академик болды.

Иә, ол кісінің ең бірінші қазақ ғылымына қосқан қомақты үлесі, істеген жақсылығы — 1991 жылы ел тәуелсіздігін алған алаң-елең алмағайып тұста, ештеңеге қараматқан ғылым-білім мен руханиятқа алғашқылардың бірі болып, Ұлттық Ғылым академиясына қарасты Философия және құқық институтында «Қазақ философиясы» бөлімін ашты. Мұның алдында Институтта қазақ тілінде ешнәрсе жазылмады, барлығы тек орыс тілінде жүргізілетін еді. Сол тұста Әбекеннің: «Уақыт келді, тәуелсіздігімізді алдық, енді өз тілімізді өркендейтейік» — дегенін



## ДАРА ДАРЫНДЫ, ҒЫЛЫМДАҒЫ ІСІ ТӘЛІМДІ

бүгінде әріптестері мен шәкірттері айтып жүр. Аталған бөлімді жәй ашып қоймай, едел-жедел жұмыс істеуіне мүмкіндік жасады, тікелей өзі бақылады. Нәтижесінде көп ұзамай «Қазақ даласының ойшылдары» деген төрт томдық кітап жарыққа шықты. Және біраз жылдан кейін «Қазақ философиясының тарихы: Ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейін» атты бес томдық кітап шықты. Бұл қазақ ғылымына қосылған керемет жобалардың жетекшісі де, ұйымдастырушысы да өзі болды.

Бүгінде Әбдімәлік Нысанбаевтың бүкіл ғұмыры, есімі қазақ ғылымымен, философиясымен бірігіп, біртұтас ұғымға айналып кеткендей. Философия, социология, мәдениеттану, саясаттануға арнаған табаны күректей алпыс жылға жуық уақыт ол үшін үздіксіз ғылыми ізденістер мен ақиқатқа ұмтылыстардан тұрды. Мектеп пен жоғары оқу орнын қазақ тілінде бітіріп, математиканың күрделі философиялық, дүниетанымдық және логикалық, әдіснамалық мәселелерін орыс тілінде зерттеп, Мәскеуде ғылыми қуанышы мен қиындығын базымын өткізіп, ғылыми қызметкерлік лауазымын Институт директоры, «Қазақ энциклопедиясы» бас редакторы дәрежесіне дейінгі барлық жолды жүріп өткен ғалым осы жолда арнасынан аспай, даналыққа бастай, өзі де ғибратты, өнегелі ғұмыр сүрді. Соңғы кезметі — Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры болды.

Әбекен туралы көп айтуға болады. Өз басым ағамен 1995 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде саясат бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істейтін кезімде таныстым. Ол кісінің адамды тани білетін бойында керемет қасиет болды. Өзі қыға танымаса да талантты, қабілетті деген қанша қазақ жастарына кандидаттық диссертация қорғапты, жолдарын ашты. Оның бірқатары бүгінде үлкен мемлекеттік қызметтерде еңбек етіп жүр. Ұлттық дүниетаным, ұлттық мәдениетке деген көзқарасы оң болды. Сосын ғылымға шын жанашырлықпен қарады. Диссертация қорғаулары өте мұқият өткізді. Шәкірттерін әрі талапшыл, әрі жанашыр бола білді. Маңызды мәселелерге үнемі мемлекетшіл көзқараста баға берді. Мемлекетті қазақ қауымдастығының ұстап тұрған өзегі ретінде соған басым бағыт берді.

Ғалым ұлттық және әлемдік философиялық мұраны игеру жастардың ой еркіндігін қалыптастыратынына, жаңа зерттеулер мен оқулықтардың ана тілімізде сапалы және ғылыми негізде орындалуына іргетас болатынына сенді. Осы жолда ғылымға бет бұрған қаншама жасқа ағалық қамқорлығын, ұстаздық қолдауын көрсетіп, жол сілтеді. Ал шәкірттері Әбдімәлік ұстаздарын алыс пен жақынды бірдей көретін бөлекше болмысы, тәртіпті, тазалықты сүйетін ерекше мінезі үшін жандарына жақын тұтты, айрықша қадірледі.

Былайғы жұртшылық оның шәкірттері көп дейді. Рас, ол кісінің жетекшілігімен жүздеген шәкірті кандидаттығын, ал қырық шақтысы докторлық ғылыми дәрежесін қорғады. Әр жетекші болғанда, әрине, диссертацияны біреу үшін жазып бермейді ғой. Бірақ ғылыми еңбектегі ең өзекті тақыр мән беріп: «Сен таңда алған тақырыбыңда мына мәселені ұмытпа!», — дейді. Айтарын айтып, қолды бір сілтеп тастай салмайды. Сол ең құндысы, осының өзі үлкен мәселе, үлкен қыры бар ғой. Сосын барын аяғына дейін жақылап, сол мәселе түбіне дейін жетсін деп, соған дәлел беріп, соңына дейін бақылап, қолдап, қуаттап отырады. Ағаның сондай бір асыл қасиеті бар еді.

Өмірде Әбекен бойын да, ойын да тіп-тік ұстап жүретін. Үсті мұнтаздай өте таза киініп жүретін кісі еді. Өзінің бір естеліктерінде айтатыны бар, (мен де ол кісіден бірнеше рет сұхбат алғанмын),

тазалықты өзінің шешесі Рыстай әжеден үйренген екен. Ал Қызылордада оқығанда Тазагүл әженің үйінде төрт жыл жатқан. Олар үйде бір қыл түсірмейді екен. Содан «ұқыптылықты, мұнтаздай тазалықты сол кісілерден бойыма сіңірдім» деп, өзі айтып отыратын еді.

Әбекеннің бір қарағанда түрі өте суық көрінетін. Туған жері Қызылордаға барғанда да, одан кейін жұмыста да, талап қойғыш, қатал көрінетін. Бірақ өз орнымен ғәйш, қалап қоятын. Кейін өзінің мұнда тез қайтатын. Әсіресе, ашуланған кезде қайбір қызметкеріне «жұмыстан боссың» дейді. «Жұмыстан боссың!» дейді де, сосын көңілі түсіп, ертесіне өзі қайтадан звондап тұрады: «Әй, сен қайда жүрсің, келмейсің бе жұмысқа?» деп. Сөйтетін ағалық алқаусыз мінезі бар болатын. Шарт етіп бір ашуланып алып, тез райынан қайтатын сондай бір қызық мінезді кісі еді.

Енді жақсы адамда ондай қасиет қайдан келген деген сұрақ туындайды ғой. Қызылорданың ауа райы белгілі. Күн деген бір сәтте бұрқырап кетеді, дауылдатып, боран тұрады, бірақ, артынан күн ашылып, бәрі әп-әдемі, жалдырап шыға келеді. Ондай қасиет Әбекенде де болды. Бірақ артында зіл жоқ. Кектенбейді, ізіне түсіп, одан теріс әсер іздемейді. Сол мезетте шешуге тырысады. Артынан теріс ойлар, ниеттер жалғасып жүрмейді. Сол қасиетін бағалаған адам біледі, бағаламайтын адамдар сырт көзге суық екен, қатаң екен дейді. Ол қатаңдықтың аржағында тәртіпке деген құрмет бар. Себебі, тәртіп пен әділдікті жаны сүйді.

Әбекен өмірі тоғызда жұмыста отыратын. Наз келген шақырылған жерге, ранылысқа болсын, басқа бір іс-шара болсын, уақытында барады. Қандай керемет, бұл — сыйлау, адамдарды сыйлай білу керек. Сондай құрметі бар адам еді. Әрине, ол енді пенде болғасын кейбір кемшіліктері болған шығар, артық кетеді, біреуге ұнайды, біреуге ұнамайды. Мысалы, кім періште болып туыпты дейсіз, үлкен тұлғалардың әрқайсысынан кемшілік табуға болады.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары ғылым саласына да оңай тиген жоқ. Ертеміз алаң, бүгінміз бұлдыр. Сол 1991 жылдан Философия, саясаттану және дінтану институтына басшылық еткен Әбдімәлік Нысанбаевтың алдында философиялық бағыттар мен ғылыми кадрлардың негізгі құртаммен сактап қалу міндеті тұрды. Сонымен бірге ескі философияны өзгертіп, жаңа заманның рухани ахуалына лайықты жаңа философияны қалыптастыру қажет еді. Ғалым, білікті басшы ретінде институтты осы қиындықтан алып шықты.

Ғылымның үлкен ұйымдастырушысы ретінде ғана ұзақ жылдар бойы осы институттың директоры болды. Философия, әлеуметтану, мәдениеттану, барлық қоғамдық ғылымдар саласындағы ғылыми жұмыстарды ұйымдастырып, бір негізге келтіруші ретінде үлкен рөл атқарды. Со-

